

**«Көкшетау қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік
бағдарламалар бөлімі»
мемлекеттік мекемесі туралы ЕРЕЖЕ**

1. Жалпы ережелер

1. «Көкшетау қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі жұмыспен қамту, әлеуметтік қорғау саласында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. «Көкшетау қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. «Көкшетау қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөртаңбасы, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

4. «Көкшетау қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі азаматтық-құқықтық қатынастарды өз атынан жасайды.

5. «Көкшетау қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекеме егер заңнамаға сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

6. «Көкшетау қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен «Көкшетау қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

7. «Көкшетау қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесінің құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.

8. Заңды тұлғаның орналасқан жері: 020000, Ақмола облысы, Көкшетау қаласы, Шалқар көшесі, 9 «А».

9. Осы Ереже «Көкшетау қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесінің құрылтай құжаты болып табылады.

10. «Көкшетау қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесінің қызметін қаржыландыру республикалық және жергілікті бюджеттен жүзеге асырылады.

11. «Көкшетау қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесіне кәсіпкерлік субъектілерімен «Көкшетау қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесінің өкілеттіктері болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

12. Егер «Көкшетау қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесіне заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындай қызметтен алынған кірістер республикалық бюджеттің кірісіне жіберіледі.

2. Мемлекеттік органның міндеттері мен өкілеттіктері

13. Міндеттері:

1) халықты әлеуметтік қорғау және жұмыспен қамту саласында мемлекеттік саясаттың бағыттарын ұйымдастыру және жүзеге асыру;

2) аз қамтылған отбасыларды, жұмыссыз азаматтарды, ардагерлерді, мүгедектігі бар адамдарды және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарын әлеуметтік қолдауды ұйымдастыру;

3) жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау мәселелері бойынша қолданыстағы заңнамада қарастырылған азаматтардың құқықтарын, олардың мүдделерін, мемлекеттік кепілдемелерін қорғауды қамтамасыз ету;

4) мемлекеттік және арнаулы әлеуметтік қызметтерді көрсету саласында мемлекеттік саясатты ұйымдастыру және жүзеге асыру;

5) халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау мәселелері бойынша тұрғындарды ақпараттандыру;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған басқа да мәселелерді жүзеге асыру.

14. Функциялары:

1) жұмыс күші бөлігінде сұраныс пен ұсынысты талдайды, болжайды, өңірдің еңбек нарығының жай-күйі туралы жергілікті атқарушы органдарға және халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті органға хабарлайды;

2) жұмыстан босату және жұмыс орындарын қысқарту қатері бар ұйымдардың мониторингін жүзеге асырады;

3) халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесу шаралары бойынша ұсыныстар енгізу;

4) өңірлік жұмыспен қамту картасының және халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларының мониторингі;

5) ұлттық жобалар, қаланы дамыту жоспарлары өңірлік жұмыспен қамту картасы шеңберінде жұмыс орындарын құру мониторингін жүзеге асырады;

6) кәсіпкерлік бастаманы дамыту арқылы Көкшетау қаласында жұмыс орындарын құру мониторингі;

7) бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдармен және пробация қызметінің есебінде тұрған адамдармен жұмысқа орналастыру, әлеуметтік және тұрғын үй көмегін көрсету мәселелері бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу;

8) әлеуметтік әріптестік және әлеуметтік және еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі қалалық комиссияның отырысын өткізу;

9) әлеуметтік және еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі мәселелерді қарайтын атқарушы билік органдарының, жұмыс берушілер бірлестіктері мен кәсіподақтардың өкілдерінен қалыптастырылатын консультативтік комиссияларға, үйлестіру кеңесіне, консультативтік-кеңесші органға, үшжақты комиссияға және басқа да жұмыс топтарына қатысу;

10) жасырын жұмыссыздық, қысқартылған және ішінара жұмыспен қамтылған жұмыскерлер, жалақы бойынша берешек туралы мәліметтерге мониторинг жүргізу;

11) әлеуметтік әріптестік бойынша ұжымдық шарттар, меморандумдар жасасу бойынша қаланың кәсіпорындарымен және ұйымдарымен түсіндіру жұмыстарын жүргізу;

12) Көкшетау қаласының әкімдігі мен қала кәсіпорындары арасында «Нөлдік жарақаттану» тұжырымдамасын ілгерілету жөніндегі меморандумдарға қол қою бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу;

13) халықтың аз қамтылған топтарына атаулы әлеуметтік көмек көрсету жөніндегі жұмысты ұйымдастыру;

14) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес тұрғын үй көмегін тағайындау және төлеу;

15) Семей ядролық сынақ полигонында ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен азаматтарды тіркеу және есепке алу үшін арнайы комиссияның жұмыс органының функцияларын жүзеге асыру. Семей ядролық сынақ полигонында ядролық сынақтар салдарынан зардап шеккендерге жеңілдіктер мен өтемақылар алу құқығын растайтын куәліктер мен куәліктердің телнұсқасын беру;

16) бюджеттік кредит түрінде әлеуметтік көмек және (немесе) әлеуметтік қолдау ретінде тұрғын үй сертификаттарын беру жөніндегі функцияларды жүзеге асыру;

17) ауылдық жерде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік ұйымдардың мамандарына коммуналдық қызметтерге ақы төлеу және отын сатып алу бойынша әлеуметтік қолдау көрсету жөніндегі жұмысты ұйымдастырады;

18) қажет болған жағдайда Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мемлекеттік қызметтер көрсетуге өтініш білдірген адамдарға (отбасыларға) тексеру жүргізу жөніндегі учаскелік комиссиялардың жұмысын ұйымдастыру;

19) мүгедектігі бар адамдар мен мүгедектігі бар балаларды абилитациялау мен оңалтудың жеке бағдарламаларын іске асыру жөніндегі жұмысты ұйымдастыру;

20) мүгедектігі бар адамдарға, Ұлы Отан соғысының мүгедектігі бар адамдарға және оларға теңестірілген адамдарға, көп балалы отбасыларға, мүгедектігі бар балаларға, аз қамтылған азаматтарға және мұқтаж азаматтардың басқа да санаттарына, оның ішінде мереке күндері мен атаулы күндерге, бөлінген бюджет қаражаты шегінде есепке алу және әлеуметтік көмек көрсету жөніндегі жұмысты ұйымдастыру;

21) сот әрекетке қабілетсіз деп таныған кәмелетке толған азаматтарға қатысты қорғаншылық және қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асырады;

22) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес үйде (психоневрологиялық бұзылулары бар 18 жастан асқан адамдар; психоневрологиялық бұзылулары бар және тірек-қимыл аппараты бұзылған мүгедектігі бар балалар; жалғыздікті қарт азаматтарға және 1, 2 топтағы мүгедектігі бар адамдарға үйде күтім жасау жағдайында) арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетеді;

23) жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты ұйымдастыру және іске асыру үшін құқықтық актілерді әзірлеуге қатысады;

24) үкіметтік емес ұйымдармен жұмыс жүргізу;

25) бюджет қаражатының қажеттілігін болжайды;

26) қолданыстағы заңнамаға сәйкес әлеуметтік бағдарламаларды іске асырады;

27) қолданыстағы заңнамаға сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсетеді;

28) бөлімнің құзыретіне жататын мәселелер бойынша Көкшетау қаласы әкімінің тапсырмаларын орындайды;

29) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады;

30) Көкшетау қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің «Көкшетау қалалық әлеуметтік бейімдеу орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жұмысын үйлестіреді;

31) Ақмола облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының «Ақмола облысы бойынша еңбек мобильдігі орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Көкшетау қаласының мансап орталығы» филиалымен өзара іс-қимыл жасайды.

15. Өкілеттіктері:

1) құқықтары:

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының мемлекеттік мекемелерінен және өзге де ұйымдарынан ақпарат сұрату және алу;

қаланың және облыстың мемлекеттік мекемелеріне және өзге де ұйымдарына халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау мәселелері бойынша ұсыныстар енгізу;

жұмыс берушілерден кадрларға болжамды қажеттілік туралы ақпарат сұрату;

өз функцияларын орындау үшін құзырет шегінде азаматтардан, ұйымдардан және оның басшыларынан, лауазымдық тұлғалардан, басқа мемлекеттік органдардан қажетті ақпаратты сұрату.

2) міндеттері:

«Көкшетау қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекеменің мүдделерін барлық мемлекеттік органдарда, сонымен қатар сотта және құқыққорғау органдарда білдіреді;

Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының нормаларын сақтау;

Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де міндеттерді жүзеге асыру.

3. Мемлекеттік органның, бірінші басшысының мәртебесі, өкілеттіктері

16. «Көкшетау қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесіне басшылықты бөлімге жүктелген міндеттердің орындалуына және оның өз өкілеттіктерін жүзеге асыруға дербес жауапты болатын басшы жүзеге асырады.

17. «Көкшетау қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесінің басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лауазымға тағайындалады және лауазымнан босатылады.

18. «Көкшетау қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі басшысының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лауазымға тағайындалатын және лауазымнан босатылатын орынбасарлары болады.

19. «Көкшетау қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі басшысының өкілеттіктері:

1) бөлім жұмысын басқарады және ұйымдастырады, мемлекеттік мекемеге жүктелген міндеттерді орындауға және оның өз функцияларын жүзеге асыруына дербес жауапты;

2) мемлекеттік мекеме қызметкерлерінің өкілеттіктерін және міндеттерін айқындайды;

3) заңнамаға сәйкес мемлекеттік мекеме қызметкерлерін лауазымға тағайындайды және босатады;

4) заңнамада белгіленген тәртіпте мемлекеттік мекеменің қызметкерлеріне тәртіптік жаза қолданады;

5) мемлекеттік мекеменің актілеріне қол қояды;

6) мемлекеттік органдарда, басқа да ұйымдарда мемлекеттік мекеменің өкілі болады;

7) өз құзыреті шегінде бұйрықтар шығарады, нұсқау береді, қызметтік құжаттарға қол қояды;

8) мемлекеттік мекеме қызметкерлерінің лауазымдық нұсқаулықтарын бекітеді;

9) азаматтардың жеке қабылдауын жүргізеді;

10) мемлекеттік мекемеде сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекететуге бағытталған шаралар қабылдайды;

11) Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады.

«Көкшетау қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесінің басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға жүзеге асырады.

20. Басшы өз орынбасарларының өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес айқындайды.

4. Мемлекеттік органның мүлкі

21. «Көкшетау қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесінің Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болу мүмкін.

«Көкшетау қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесінің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

22. «Көкшетау қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесіне бекітілген мүлік қаланың коммуналдық меншігіне жатады.

23. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше белгіленбесе, «Көкшетау қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5. Мемлекеттік органды қайта ұйымдастыру және тарату

24. «Көкшетау қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

«Көкшетау қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесінің қарамағындағы ұйым:

Көкшетау қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің «Көкшетау қалалық әлеуметтік бейімдеу орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.